

Тұрғын үй шаралары үшін халыққа берілетін несиелердің мөлшерін өсіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 21 сәуір 1993 ж. N 322. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.23. N 1156 қаулысымен

Тұрғын үй құрылысы құнының күрт қымбаттауына байланысты және азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту шараларына берілетін несиелердің мөлшерін өсіру жөніндегі тілектерін ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын жеделдету үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына, кәсіпорындары мен ұйымдарына қосымша жеңілдіктер беру және экономикалық ынталылығын арттыру туралы" 1992 жылғы 10 сәуірдегі N 715 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 14, 229-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Жинақ банкіне азаматтарға:

жеке тұрғын үйлер мен кооперативтік пәтерлер салуға және сатып алуға - олардың құнының шегінде, бірақ 1500 мың сомнан аспайтын (қарыз берушінің төлем қабілетін ескере отырып);

жеке тұрғын үйлер мен пәтерлерді қайта жаңартуға және күрделі жөндеуге, оларды инженерлік желілерге жалғауға, сондай-ақ мал мен құс ұстауға және ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған аула құрылыстарын салуға 300 мың сомға дейін;

өз қаржысы есебінен басталған жеке тұрғын үйлердің құрылысын аяқтауға (кабырғалары тұрғызылған болса) құрылысты бітіруге қажет шығындарының шегінде, бірақ 450 мың сомнан аспайтын;

жеке тұрғын үйді инженерлік жайластыру үшін жабдықтар сатып алуға - 150 мың сомға дейін;

кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлеріне жеке тұрғын үй құрылысына кәсіпорындар мен ұйымдардың қорлары есебінен (республика Жинақ банкі мекемелерімен жасасылған шарттардың негізінде) - олардың қолындағы қаражат мүмкіншілігінің ауқымында, бірақ құрылыстың сметалық құнынан аспайтын;

банк несиесінің қатысуымен 1991 - 1993 жылдарда басталған жеке тұрғын үйлердің және 1992 - 1993 жылдарда басталған кооперативтік пәтерлердің құрылысын аяқтауға - сметалық құнының шегінде, бірақ 1500 мың сомнан аспайтын (бұрын осы мақсатқа алынған несиелер ескеріліп) мөлшерде несиелер беруге рұқсат етілсін.

2. Жеке және кооперативтік тұрғын үй салуға және сатып алуға несие тұрғын үйі жоқ немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға аса ділгер (тұрғын үйі санитарлық нормадан аз) азаматтарға басымдық тәртібімен берілетін болып белгіленсін.

Несие қарыз алушылардың төлем қабілеті ескеріліп берілетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Жинақ банкі Қаржы министрлігімен бірлесіп, тұрғын үй шараларына арналған жеңілдікті несиелер беруге пайдаланылатын несие ресурстарының мөлшерін анықтасын, онда банктердің несие беруге қатысты шығынын қайтаруға бюджетте көзделген қаржы ескерілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары